

ҚМГ басшысы
өңірлерге жұмыс
сапарымен барды

2-3

Как «КазМунайГаз»
восполняет запасы
нефти и газа

5

Цифровизация КРІ

8

Әріптесіміз Дарияның
қайырымды істері

10

munailymeken.kz

Munaily meken

№ 07
Shilde
2020 jyl

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басылымы

Газет 2005 жылдың 29 желтоқсанынан шыға бастады



**«ҚазМұнайГаз» қиын шақта
отандастарымен бірге!**

«ҚазМұнайГаз» басшысы Алик Айдарбаев өңірлерге жұмыс сапарымен барды

Шілденің 20-24 күндері «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев коронавирус індетінің қиын-қыстау кезеңінде мұнайшыларға қолдау көрсету үшін Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарына жұмыс сапарымен барды. Әр аймақта облыс әкімдерімен кездесіп, Ұлттық компанияға қарасты кәсіпорындардағы эпидемиологиялық ахуалды және індеттің одан әрі таралуының алдын алу бойынша қолға алынған шараларды талқылады.

«ҚазМұнайГаз» коронавирус пандемиясымен күреске 3,6 млрд теңге бөлді

Алик Айдарбаевтың жұмыс сапары Маңғыстау облысынан басталды. Облыс әкімі Серікбай Трұмовпен кездесуде ҚМГ басқарма төрағасы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының аймақ тұрғындарына көрсетіп жатқан демеушілік және қайырымдылық көмегі туралы баяндады.

«Біз алғашқы күннен бастап пандемияға қарсы күреске барынша атсалысып келеміз. Компания өз қызметін жүргізетін өңірлердің тұрғындарына қамқорлық көрсетуде. «ҚазМұнайГаз» жалпы сомасы 3,6 млрд теңгеге, соның ішінде Маңғыстау облысына 1,8 млрд теңгеге демеушілік қолдау көрсетті. Бұл қаражат аса қажетті медициналық құрал-жабдық, реанимобильдер, оттегі концентраторларын және өкпені жасанды желдету аппараттарын сатып алуға жұмсалды. Сондай-ақ, ҚМГ-ның еншілес компаниялары әкімшілік және медициналық мекемелерге көлік, жеке қорғаныс құралдарын, сондай-ақ әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға азық-түлік алып берді. Біз коронавирус індетімен бірлескен күрес барысында дәрігерлер мен жергілікті атқарушы органдарға жан-жақты көмек көрсетуді жалғастырамыз», – деп атап өтті А.Айдарбаев.

Кездесуден кейін Алик Айдарбаев Ақтау қаласындағы медициналық орталықтың қызметімен танысты. Аталған орталық ҚМГ-ның еншілес және сервистік компаниялары жұмысшыларын вахта ауысымына кірісер алдында ПТР-тестілеуден өткізеді. Тестілеуден тәулігіне 200 адамға дейін өтеді. Тестілеу COVID-19 жұқтырғандарды анықтауға және өндіріс орындарында аурудың таралуын алдын алуға септігін тигізеді.

Сапарының екінші күні Алик Айдарбаев Жаңаөзен қаласында «Өзенмұнайгаз», «Маңғыстаумұнайгаз», «Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамдар және сервистік

кәсіпорындар басшыларының қатысуымен селекторлық жиналыс өткізді. Жиналыс барысында ағымдағы қызметтің дағдарысқа қарсы стратегияның іске асырылу, пандемиямен күрестің және санитарлық-эпидемиологиялық шаралардың қатаң орындалуы мәселелері талқыланды.

Сонымен бірге, Алик Айдарбаев коронавирус індеті мен пневмониядан қайтыс болған қызметкерлердің отбасыларына және туған-туыстарына көңіл айтып, науқастанған әріптестеріне тезірек сауығып кетуін тілектестік білдірді.

«Өкінішке қарай, осы індет бірқатар әріптестеріміздің өмірін үзді. Бұл жанға бататын ауыр жағдай. Бақилық болған қызметкерлер мұнай-газ өнеркәсібін дамыту мен өркендетуге елеулі үлес қосқан азаматтар еді. Олардың ерен еңбектерін біз ешқашан ұмытпаймыз», – деді Алик Айдарбаев.

Жаңаөзен қаласында ҚМГ басшысы ашылуы осы жылдың қыркүйек айына жоспарланып отырған мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған медициналық-оңалту орталығына барды. Жобаға «Өзенмұнайгаз» АҚ тарапынан 50 млн теңге бөлінген. Орталықта жылына 700 балаға дейін оңалтудан өте алады.

Сондай-ақ, Алик Айдарбаев «Өзенмұнайгаз» компаниясы жанындағы провизорлық орталықтың қызметімен танысты. Провизорлық орталық қалалық инфекциялық емханалардың жүктемесін азайту үшін қосымша 65 төсек-орынмен жабдықталды, тәулігіне 500-ге жуық науқасты қабылдай алады. ҚМГ Басқарма төрағасы «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығына провизорлық орталықты қажетті жабдықпен қамтамасыз етуді тапсырды. Ол келешекте «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін емдеуге арналған толыққанды медициналық орталық ретінде жұмыс істейді деп жоспарлануда.



«ҚазМұнайГаз» өзінің міндеттемелерін жауапкершілікпен орындайды

22 шілдеде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаевтың жұмыс сапары Атырау облысында жалғасты.

«Атырау өңіріндегі біздің еншілес кәсіпорындар облыс әкімдігімен өзара ынтымақтаса отырып, халыққа және медициналық мекемелерге көмек көрсету үшін қомақты қаражат бөлуде. Мысалы, «Ембімұнайгаз» кәсіпорны 300 млн теңге бөлді. Бұл қаражатқа медициналық құрал-жабдық пен дәрі-дәрмек, сонымен қатар карантиндік стационарларға азық-түлік, тұрмыстық техника, гигиеналық заттар және жеке қорғаныс құралдары сатып алынды. Қазіргі қиын шақта жан-жақты көмек көрсету – әркімнің борышы деп білеміз», – деді А.Айдарбаев өңір басшысы Махамбет Досмұхамбетовпен кездесуі барысында.

Сондай-ақ, ҚМГ басшысы өңірдегі еншілес компаниялар басшыларының қатысуымен селекторлық жиналыс өткізді. Жиналыста бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерді талқыланды. Бұл өңірде де Алик Айдарбаев коронавирус індеті мен пневмониядан мезгілсіз қайтыс болған әріптестерінің отбасыларына және туған-туыстарына көңіл айтып, науқастанған әріптестеріне тезірек сауығып кетуін тіледі.

ҚМГ Басқарма төрағасы Атырау мұнай өңдеу зауытында болып, жоспарлы жөндеу жұмыстарының барысымен танысты және АМӨЗ жанында мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаты бойынша құрылған жаңа медициналық орталықты қарап шықты. Заманауи медициналық жабдықпен жабдықталған медициналық орталықта зауыт қызметкерлері кәсіпорын аумағынан шықпай-ақ білікті медициналық көмек ала алады. Орталықта оқшаулау аумағы бар екенін ерекше атап өткен жөн. Бұл жерге Covid-19 белгілері анықталатын қызметкерлер бірден жіберілетін болады.

А.Айдарбаев зауыт басшылығының назарын Атырау қаласы тұрғындарының шағымдарына аударды.

«Тұрғындар қаланың сол жағалауында «Сасық сай» деп аталып кеткен, булану алқаптарынан шығатын жағымсыз иіске қатысты наразалықтарын талай білдірген болатын. Бұл мәселеден хабардармыз. Бірақ ашығын айтатын болсақ, «Сасық сайға» ағынды су екі жерден келеді – бірі қаладан, екіншісі Атырау мұнай өңдеу зауытынан. Лас судың басым бөлігі ондаған жылдар бойы қалалық

кәріз ағындыларынан келуде, ол ешқандай тазартудан өтпейді. Ал зауытта барлық қажетті нормалар мен талаптарға сай механикалық және биологиялық тазарту құрылыстардың орнатылғанына біраз уақыт болды. Оның үстіне, олар үнемі жаңартылып отырады. Әрине, біз әлеуметтік жауапты компания ретінде осы алқапты қалпына келтіру жұмыстарына қатысамыз. Өңірдің қоршаған ортасына, оның халқына барынша қамқорлық көрсетеміз. Дегенмен, тұрғындар бүгінгі мәселенің түп тамырын түсінуге тиіс. Сондықтан аймақтағы қоғам белсенділерімен тығыз қарым-қатынас орнатып, зауыттың атқарып жатқан жұмысын тұрақты түрде түсіндіру қажет», – деп тапсырды ҚМГ басшысы.

Өз кезегінде «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС бас директоры Ш. Данбай «Tazalyq» жобасын іске асыру барысы туралы баяндады. Оның берген ақпараты бойынша, механикалық тазарту құрылымдарын реконструкциялау жөніндегі жобалау-іздістіру жұмыстары 90%-ға орындалды, ал биологиялық тазарту құрылымдарын жаңғырту бойынша инженерлік ізденістер жүргізілді. Булану алқаптарын қалпына келтіру жобасының жобалау-іздістіру жұмыстары 60%-ға атқарылды.

Сонымен қатар, ҚМГ басшысы жұмыс сапары кезінде КPI – Интеграцияланған газ-химиялық кешенінің құрылыс алаңына барды. Бүгінгі таңда жобаның құрылысы 73,5%-ға орындалды. Нысанда бетондық жұмыстар, жерасты және жерүсті құбырлардың монтажі, металл құрылымдарының, сэндвич-панелдердің, су сақтауға арналған резервуарлардың монтажі және т.б. жұмыстар жүруде. Түрлі нысандар бойынша құрылыстың дайындығы 51 пайыздан 97 пайызды құрайды. Ең төменгі көрсеткіш құбыр тораптарын дайындау және технологиялық құбырлардың монтаждау жұмыстарына тиесілі. Бұл елде енгізілген карантин тәртібімен байланысты. Себебі жұмысшылардың бір бөлігі қашықтан жұмыс істеу әдісіне көшірілді. Сонымен қатар, әуе тасымалының тыйым салуына байланысты аса күрделі жұмыстарды және арнайы жабдықтың монтажын орындайтын шетелдік мамандар елімізге келе алмады.



«2

Ақтөбе облысында жыл соңына дейін жаңа вахталық қалашықтар салынатын болады

Өңірлерге сапары аясында ҚМГ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев 23 шілдеде Ақтөбе облысының басшысы Оңдасын Оразалинмен кездесуінде күрделі нарық жағдайына қарамастан, компания өңірдегі жұмыс орындары мен жалақыларды сақтап қалғанын атап өтті.

«ҚазМұнайГаз» үнемі өзін әлеуметтік-жауапты компания ретінде танытып келді. Алдағы уақытта да осы алған бағытымыздан таймай, аймақтың өміріне белсене атсалысатын боламыз. Халықтың игілігі үшін облыс әкімдігімен бірлескен жемісті жұмысымыз әлі де жалғасатынына сенімдімін», – деді ҚМГ басшысы.

«Қазақтүрікмұнай» ЖШС 2007 жылдан бері Байғанин ауданының Жарқамыс елді мекен тұрғындарын көгілдір отынмен ақысыз түрде

қамтамасыз ететіні, ал «ҚазақОйл Ақтөбе» ЖШС Әлібекмола және Қожасай кен орындарына жақын орналасқан Жағабулақ, Кемерші және Бірлік ауылдарының тұрғындарына жыл сайын демеушілік көмек көрсететіні аталып өтті.

Ақтөбе қаласында А. Айдарбаев «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «ҚазақОйл-Ақтөбе» ЖШС, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС еншілес кәсіпорындарының басшыларымен жиналыс өткізіп, олардың өндірістік және экономикалық көрсеткіштеріне оң баға берді. Бұдан бөлек, дер кезінде қабылданған санитарлық және эпидемиологиялық шаралардың арқасында коронавирусқа байланысты кен орындардағы тұрақты жағдайды да атап өтті.



Жергілікті деңгейде жасалып жатқан жұмыстармен танысу үшін А.Айдарбаев өңірдегі компанияның өндірістік нысандарын аралады. Оңтүстік Қаратөбе және Лақтыбай кен орындарына барып, облыс әкімімен бірге жаңа вахталық қалашықтың алғашқы іргетасын қалады. Қазіргі уақытта өндірістік персонал жабдықталған вагондарда тұрып жатқанын атап өткен жөн. Вагондар Оңтүстік Қаратөбе және Лақтыбай кен орындарын сынамалы пайдалану кезінде уақытша қолдану үшін салынған болатын.

«Ұлттық компания алдында бірнеше міндет тұр, соның ішінде үздіксіз өндірісті қамтамасыз ету. Сондықтан Компания күрделі экономикалық ахуалға қарамастан, мұнайшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту және вахтада барынша қолайлы жағдай жасау үшін барлық күш-жігерін салуда», – деп атап өтті А. Айдарбаев.

«Қазақтүрікмұнай» ЖШС бас директоры Талғат Исаевтың айтуынша, тұрғын бөлімдермен қатар асханалар, медициналық орындар, спортзал және қызмет көрсетуге арналған қосалқы үй-жайлар салынатын болады. Қызметкерлердің қауіпсіздігіне ерекше назар аударылған. Ғимараттар бір-бірімен өтпелі дәліздермен біріктіріледі. Барлық аумақ бойынша жолдар, жаяу жүргіншілерге арналған тротуарлар салынып, жарықпен жабдықталады және көгалдандырылады. Құрылыс жыл соңына дейін аяқталады деп жоспарланып отыр.

ҚМГ басшысы сапар барысында Қожасай кен орнындағы газ өңдеу кешініне де барды. Зауыт пайдалануға берілген сәттен бастап шикізат өнімдері тиімді қолданылып келеді. Ілеспе мұнай газын өңдеу көлемі артып, ауаға зиянды заттардың шығарылуы азайды. Бұл өңірдің экологиялық хал-ахуалына оң әсерін тигізді. **М**

Құрметті әріптестер!

Елімізде коронавирус індетіне байланысты эпидемиологиялық ахуал қиындады. Аты жаман ауру белең алып, қаншама отбасы қара жамылды. Бүкіл әлімге таралған бұл алапат індет қабырғамызды қайыстырып, бәріміз үшін ауыр қасірет болды.

Өкінішке қарай, індеттен көз жұмғандар арасында «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобында еңбек еткен әріптестеріміз де бар.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы ұжымының және жеке өзімнің атымнан дүниеден озған қызметкерлеріміздің отбасылары мен жақындарының қайғыларына ортақтасып, қайғырып көңіл айтамын. Имандары саламат болсын.

Дүниеден озған әріптестеріміз мұнай-газ өнеркәсібін дамыту мен өркендетуге елеулі үлесқосқан азаматтар еді. Олар өздерінің қажырлы еңбектерімен, жоғары біліктілігімен ерекшелен білді. Әріптестеріміздің өмірлік тәжірибелері, үлгі-өнегелері, жарқын бейнелері мәңгі есімізде сақталады.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына қарасты барлық кәсіпорындар пандемияның алғашқы күнінен бастап қызметкерлердің денсаулығын

сақтау, инфекцияның таралуын алдын алу үшін сақтық шараларын қолға алған болатын. Соған қарамастан бірқатар қызметкерлеріміз коронавирус пен пневмонияға шалдығып, біраз әріптестерімізден айрылып қалдық. Бұл жанға бататын өте ауыр жағдай.

Ал инфекция жұқтырып, қазір емделіп жатқан әріптестеріме тезірек сауығып кетуін тілеймін.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы жұқпалы ауруға қарсы күресін жалғастырып, қызметкерлердің амандығы мен денсаулығы жолында барлық сақтық шараларын орындап келеді. Бұл шаралардың нәтижелі болуы, алдымен сіз бен біздің жауапкершілігімізге байланысты. Мен Сіздерден өз денсаулықтарыңызды күтуді және барлық тазалық талаптарын мүлтіксіз орындауды сұраймын.

Бәріміз бірлесе қиындықты жеңіп, аман-есен шығайық. Өздеріңізге және отбасыларыңызға денсаулық тілеймін.

Құрметпен,
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы
Алик АЙДАРБАЕВ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жарты жылдағы өндірістік қызметін қорытындылады

2020 жылғы бірінші жартыжылдықтағы басты өндірістік көрсеткіштер:

- Мұнай және газ конденсатын өндіру деңгейі 3,1%-ға азайып, 11 345 мың тоннаны құрады;
- Мұнай және газ тасымалдау сегментіндегі көрсеткіштер 4,2%-ға және 9,8%-ға азайып, 37 329 мың тонна мұнай және 45 172 млн м³ газды құрады;
- Отандық және румын мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 17,1%-ға төмендеп, 8 290 мың тоннаны құрады.

	6А 2020	6А 2019	%
Мұнай өндіру, мың тонна	11 345	11 704	-3,1%
Газ өндіру, млн м ³	4 321	4 160	3,9%
Мұнай тасымалдау, мың тонна	37 329	38 949	-4,2%
Газ тасымалдау, млн м ³	45 172	50 078	-9,8%
Мұнай өңдеу, мың тонна	8 290	9 997	-17,1%

2020 жылғы бірінші жартыжылдықтағы өндірістік нәтижелер*

Мұнай өндіру, мың тонна	6А 2020	6А 2019	%
Теңіз (%20)	2 852	2 992	-4,7%
Қашаған (%8,44)	673	472	42,5%
Қарашығанақ (%10)	562	535	5,2%
Өзенмұнайгаз (%100)	2 746	2 751	-0,2%
Маңғыстаумұнайгаз (%50)	1 526	1 579	-3,3%
Ембімұнайгаз (%100)	1 353	1 430	-5,4%
Өзгелер	1 631	1 946	-16,2%
Барлығы	11 345	11 704	-3,1%

Көмірсутек шикізатын өндіру

2020 жылдың бірінші жартыжылдығында ҚМГ-ның мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 11 345 мың тонна (тәулігіне 467 мың баррель) мұнайды құрап, 2019 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 3,1%-ға төмендегенін көрсетті. Ілеспе және табиғи газды өндіру көлемі 3,9%-ға 4 321 млн м³ дейін артты.

Теңіз, Қашаған, Қарашығанақта мұнайды және табиғи ілеспе газды өндіру көлемі тиісінше, 4 088 мың тоннаны (тәулігіне 179 мың баррель) және 3 021 млн м³ құрады. Бұл өткен жылдың осындай кезеңіндегі көрсеткіштерден 2,2% және 4,3%-ға жоғары болды.

Мұнай және газ тасымалдау

2020 жылдың бірінші жартыжылдығында ҚМГ-ның мұнай тасымалдау көлемі 4,2%-ға 37 329 мың тоннаға (ҚМГ үлесіне) дейін кеміді.

Магистральды құбырлар бойынша мұнай тасымалдау көлемі 3,1%-ға төмендеп, 32 435 мың тоннаны (ҚМГ үлесіне) құрады. Осы көрсеткіштің шамалы азаюы 2020 жылдың қаңтарында мұнай құрамында хлорорганикалық қоспалардың шамадан тыс мөлшерде анықталуының салдарынан «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-дан мұнайды шектеулі жеткізуіне және мұнай құбырлары жүйесіне Құмкөл кен орындары тобының мұнай тапсыру көлемінің азаюына байланысты.

2020 жылдың бірінші жартыжылдығында мұнайды теңізбен тасымалдау көлемінің 10,8%-ға 4 894 мың тоннаға дейін төмендеуі негізінен Жерорта теңізіне жүк жөнелтушілерге тиесілі көлемнің азаюымен түсіндіріледі.

2020 жылдың бірінші жартыжылдығында ҚМГ-ның магистральды газ құбырлары бойынша газ тасымалдау көлемі 9,8%-ға 45 172

млн м³ дейін төмендеді. Көлемнің төмендеуі негізінен Қытайға жөнелтілетін орта азиялық газдың транзиттік көлемінің азаюына, Қазақстан аумағы арқылы «Газпром» ЖАО ресейлік газдың транзиттік ағындарының төмендеуіне және Ресейге Қарашығанақ газы экспортының азаюына байланысты болды.

2020 жылдың бірінші жартыжылдығында тауарлық газды сату көлемі 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында сатылған көлеммен салыстырғанда 1,6%-ға шамалы ұлғайып, 11 813 млн м³ құрады. Тауарлық газдың экспорты 4 224 млн м³ құрады, оның 84%-ы 2018 жылдың қазан айында Қытайға табиғи газды 10 млрд м³ дейінгі көлемде жеткізу туралы қол қойылған келісімнің шеңберінде Қытайға экспортқа жіберілді. Пандемия салдарынан 2020 жылғы бірінші жартыжылдықта Қытай бағытында газ экспорты жоспарланған көлемнен төмен болды, бірақ өткен жылдың бірінші жартыжылдықтағы жеткізу деңгейімен салыстырсақ, нақты экспорттық көлемнің азаюы небәрі 1,5 %-ды құрады.

Мұнай өңдеу, мың тонна	6А 2020	6А 2019	%
АМӨЗ (%100)	2 633	2 699	-2,4%
ПМХЗ (%100)	2 056	2 475	-16,9%
ПҚОП (%50)	1 135	1 315	-13,7%
Caspi Bitum (%50)	196	181	8,5%
Петромидия (%54,63)	2 116	3 126	-32,3%
Bega (%54,63)	154	202	-23,6%
Барлығы	8 290	9 997	-17,1%

Көмірсутек шикізатын сату

2020 жылғы бірінші жартыжылдықта ҚМГ өзі өндірген мұнай мен газ конденсатын сату көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 3,1%-ға азайып, 11 447 мың тоннаны құрады. Ал оның 72%-ы экспортқа шығарылды.

2020 жылғы бірінші жартыжылдықта өзі өндірген мұнайды ішкі нарыққа жеткізу көлемі 3 245 мың тоннаны құрады, соның ішінде мұнайды әрі қарай өңдеу және мұнай өнімдерін сатуға операциялық активтердің

(Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз және Қазақ-түрікмұнай) шикі мұнайының 1 696 мың тоннасы Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ) және Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) жеткізілді.

Көмірсутек шикізатын өңдеу

Қазақстанның барлық дерлік қалаларында карантиннің енгізілуіне байланысты 2020 жылғы бірінші жартыжылдығында Қазақстанда мұнай өнімдерінің негізгі түрлеріне сұраныс едәуір төмендеді. Бұл жәйт отандық мұнай

Теңіз кен орнында мұнай өндіру 2019 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 4,7%-ға қысқарып, 2 852 мың тоннаны (тәулігіне 125 мың баррель) және газ өндіру көлемі 4,0%-ға азайып, 1 571 млн м³ құрады. Мұнай мен газ өндіру көлемінің азаюына жоспарлы өндіруді қысқарту айтарлықтай ықпал етті.

Қашаған кен орнындағы мұнай өндіру 42,5%-ға дейін 673 мың тоннаға (тәулігіне 29 мың баррель) дейін өсті. Ілеспе және табиғи газды өндіру көлемі 46,0%-ға артып, 406 млн м³ құрады. Мұнай мен газды өндіру көлемі 2019 жылы күрделі жөндеу жұмыстарын сәтті жүргізу нәтижесінде артты. Бұл теңіз және жерүсті кешендерін пайдалану коэффициентін жоғарылатуға, айдау қорының 4 ұңғымадан 6 ұңғымаға дейін ұлғайтуға, мұнай технологиялық желілерінде қосымша ребойлерді орнатуға, сондай-ақ жаңа ұңғымаларды пайдалануға беруге септігін тигізді. Қашаған кен орнында 2020 жылғы бірінші жартыжылдықтағы орта тәулікті

жалпы өндіру тәулігіне 354 мың баррельді құрады.

Қарашығанақ кен орнындағы мұнай өндіру 5,2%-ға өсіп, 562 мың тоннаны (тәулігіне 24 мың баррель) құрады. Газ өндіру 1 044 млн м³ құрап, 2019 жылдың бірінші жартыжылдықтағы деңгейден 6,3%-ға жоғары болды. Осы кен орнындағы мұнай мен газ өндіру көлемінің өсімі 2019 жылдың қыркүйек-қазан айларында жүргізілген нысандарды жоспарлы алдын алу жөндеуден кейін Қарашығанақ өңдеу кешенінің (ҚӨК) өндірістік нысандарын және Газды кешенді дайындау қондырғыларын (ГКДҚ-2 және ГКДҚ-3) жаңғыртумен байланысты болды.

Операциялық активтердегі мұнай өндіру деңгейі 5,8%-ға 7 257 мың тоннаға (тәулігіне 289 мың баррель) дейін азайды. Ал газ өндіру 2,9%-ға өсіп, 1 300 млн м³ құрады. Операциялық активтерді мұнай өндіру деңгейінің төмендеуі негізінен Қазгермұнай және ПетроҚазақстан Инк кәсіпорындарында өндіру деңгейінің табиғи жолмен 29,6% және 22,9%-ға азаюына байланысты.

Мұнай тасымалдау, мың тонна	ҚМГ үлесіне	100%	6А2020 және 6А2019 өзгерісі, %
ҚазТрансОйл (%90)	21 510	21 510	-3,1%
Қазақстан-Қытай құбыры (%50)	3 766	7 532	-6,9%
Мұнай Тас (%51)	686	1 345	-22,9%
Каспий Құбыр Консорциумы (%20,75)	6 473	31 195	2,3%
Қазақкөліктеңізфлоты (%100)	4 894	4 894	-10,8%
Барлығы	37 329	-	-

Газ тасымалдау, млн м ³	ҚМГ үлесіне	100%	6А2020 және 6А2019 өзгерісі, %
Интергаз Орталық Азия (%100)	30 982	30 982	-10,4%
Азиялық Газ Құбыры (%50)	9 629	19 258	-17,4%
Бейнеу-Шымкент газ құбыры (%50)	3 192	6 383	24,3%
ҚазТрансГаз Аймақ (%100)	1 369	1 369	7,4%
Барлығы	45 172	-	-

өңдеу зауыттарының өндірістік қызметіне елеулі әсер етті. Қоймада тауардың шамадан тыс жиналып қалуын болдырмау үшін мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін шығару көлемі азайтылды, бірақ өндіріс тоқтатылған жоқ. Мұнай өңдеу зауыттарының жұмысы мұнай өнімдерін шығарудың қажетті көлеміне сәйкес теңдестірілді. Қазіргі уақытта зауыттар өздерінің өндірістік қызметін жалғастыруда.

2020 жылғы бірінші жартыжылдықта көмірсутек шикізатын (КСШ) өңдеудің жалпы көлемі 17,1%-ға төмендеп, 8 290 мың тоннаны құрады:

- Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында КСШ өңдеу көлемі 9,7%-ға азайып, 6 020 мың тоннаны құрады. Көрсеткіштің төмендеуі қоймада мұнай өнімдерінің шамадан тыс жиналуын болдырмау үшін ПМХЗ мен ПҚОП-та мұнай өңдеу көлемінің азаюына байланысты және мұнай өнімдерінің тұтынуына COVID-19 коронавирусы инфекциясының ықпалы салдарынан болды;
- Румыниядағы KMG International зауыттарында (Петромидия, Bega) өңдеу көлемі 2 270 мың тоннаны құрады, бұл 2019 жылғы бірінші

жартыжылдықтағы көрсеткіштен 31,8%-ға төмен. Бұл көрсеткіш 2020 жылғы наурыздың 15-і мен мамырдың 1-і аралығында жоспарлы күрделі жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне орай Петромидия МӨЗ-де өндірістің тоқтатылуына байланысты төмендеді.

2020 жылғы бірінші жартыжылдықта қазақстандық және румын зауыттарында мұнай өнімдерін шығару көлемі 18,3%-ға қысқарып, 7 646 мың тоннаны құрады:

- Қазақстандық МӨЗ-дер 5 415 мың тонна мұнай өнімдерін шығарды, бұл өткен жылғы осындай кезеңдегі көрсеткіштен 11,3%-ға төмен. Мұнай өнімдерінің өндірісі негізінен мұнай өнімдерінің тұтынуына COVID-19 коронавирус инфекциясының ықпалы салдарынан МӨЗ-дерде мұнай өңдеу көлемінің азаюына байланысты төмендеді;
- KMG International зауыттары (Петромидия, Bega) 2 231 мың тонна мұнай өнімдерін шығарды, бұл 2019 жылғы бірінші жартыжылдықтағы көрсеткіштен 31,5%-ға төмен. Көлемнің азаюы жоспарлы күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу себебінен Петромидия МӨЗ-де өндірістің тоқтатылуына байланысты. **NI**

* Егер арнайы өзгесі көрсетілмесе, барлық мәтін бойынша өндірістік көрсеткіштер ҚМГ операциялық үлесі ескеріліп көрсетілген.

Как «КазМунайГаз» восполняет запасы нефти и газа



– Жакып Насибкалиевич, позвольте еще раз поздравить с открытием нового месторождения, где был получен фонтанный приток нефти. Расскажите, пожалуйста, подробнее об этом проекте.

– Разведочный участок Бектурлы Восточный находится в Мангистауской области в районе таких месторождений, как Жетыбай Южный, Узень и Карамандыбас. Разведкой занимается наша дочерняя зависимая организация ТОО «BecturlyEnergyOperating». КМГ принадлежит половина акций этого предприятия, другая половина – одному из наших стратегических партнеров ТОО «КокелМунай». Данному открытию предшествовала большая работа команды геологов и геофизиков КМГ, КМГ-Инжиниринг и PGS-Kazakhstan. Геологоразведка началась в 2015 году. Была построена модель осадочного бассейна, уточнена перспективность структур на Узень-Жетыбайской ступени, проведены полевые сейсморазведочные работы по новым технологиям. Дальнейшая обработка и интерпретация с использованием инновационных графов обработки позволила оценить геологические ресурсы участка и оптимально разместить местоположение поисково-разведочной скважины БВ-1, из которой и был получен фонтанный приток нефти.

– Насколько оцениваете ресурсный потенциал блока Бектурлы Восточный?

– В 2017 году компанией PGS-Kazakhstan была проведена геологическая оценка ресурсов блока Бектурлы Восточный по результатам сейсморазведочных работ ЗД. Тогда прогнозные извлекаемые ресурсы нефти были оценены в 14 млн тонн. Мы планируем полную переоценку ресурсов блока после завершения испытания поисково-разведочной скважины БВ-1.

– Что позволило сделать такое открытие? Чей вклад в это достижение более весомый?

– Это комплексная работа с привлечением ведущих специалистов блока геологии КМГ, КМГ-Инжиниринг, PGS-Kazakhstan и ТОО «Becturly Energy Operating». Необходимо отметить слаженную командную работу, где каждый четко понимает свою роль и свою ответственность, возможность внести вклад в общее дело по развитию ресурсного потенциала КМГ и Казахстана в целом. Другим фактором успеха можно назвать применение интегрированной системы управления проектом, которая заключается в параллельном, быстром и структурированном подходе к процессам геологоразведки и всеми связанными с ней мероприятиями. Именно такой подход к делу позволил нашей команде добиться хороших результатов за прошедший год. В 2019 году по результатам проведенных работ был достигнут

коэффициент восполнения запасов (КВЗ) равный 162%.

– Почему КМГ не владеет 100% акций компании-оператора?

– Геологоразведка является рискованным бизнесом. Обнаружение запасов, приемлемых для экономически рентабельной разработки такой компанией как КМГ, в наше время является редкостью. Поэтому для разделения рисков КМГ придерживается принципа саггу-финансирования в геологоразведочных проектах. Это означает, что стратегический партнер по разведочному участку берет на себя финансирование проекта и может возместить свои затраты в будущем в ходе разработки месторождения. Это уменьшает риски для КМГ и средства компании остаются в сохранности. Для поиска привлекаются как отечественные инвесторы, так и международные нефтегазовые компании, такие как Лукойл, Епi, Газпром, Роснефть и др.

– Каковы дальнейшие планы по проекту Бектурлы Восточный?

– В ближайшее время закончится процесс испытания всех выделенных объектов в поисковой скважине БВ-1. По итогам полученной информации будет проведена работа по переоценке геологических ресурсов разведочного блока. В 2021 году запланировано бурение поисково-разведочной скважины БВ-2 и консервация старых скважин.

– Большинство месторождений КМГ прошли так называемый «пик добычи». Почему так мало значимых открытий новых месторождений нефти и газа за период независимости республики?

– Чтобы ответить на этот вопрос необходимо рассказать об эволюции геологоразведочных работ, проведенных на территории нашей страны. Крупные обнаружения нефтегазовых месторождений в Казахстане можно разделить на 3 этапа.

Первый этап – 1960-1970гг. – период многочисленных открытий больших месторождений, таких как Узень, Каламкас, Жетыбай и Каражанбас. Глубина залегания этих месторождений колеблется от 300 м до 2500 м. Технологически обнаружение было не столь сложным, геологи работали, буквально, вооружившись несколькими сейсмическими разрезами, циркулем и карандашом и имея представление о несложном геологическом строении. Имея те средства, которые были направлены в советское время на геологоразведку, обнаружение таких месторождений является логичным. Объемы геологоразведочных работ, включая сейсморазведку, гравиразведку и бурение поисковых скважин, были большими. При этом экономическая эффективность разведки и разработки новых залежей находилась далеко не на первом месте.

Национальная компания «КазМунайГаз» (КМГ) объявила недавно об открытии нового нефтяного месторождения. Поисково-разведочная скважина дала фонтанный приток нефти. Это хорошая новость для всей нефтегазовой отрасли Казахстана. В последние годы не так часто можно услышать об обнаружении новых залежей полезных ископаемых. Почему в республике проводится мало геологоразведочных работ? Что делает КМГ для восполнения запасов углеводородного сырья? На эти и другие вопросы ответил заместитель председателя Правления по разведке и добыче АО «НК «КазМунайГаз» Жакып Марабаев.

Второй этап проходил в 1980-1990гг. Наряду с открытиями на суше этот период ознаменован обнаружением таких морских месторождений, как Кашаган, Актоты, Кайран с глубиной залегания более 3500м в подсолевых интервалах. Этим открытиям предшествовал огромный объем сейсморазведочных работ, проведенный консорциумом «Казахстанкаспийшельф», в который вошли мировые нефтегазовые компании. Сейсморазведочными профилями был покрыт практически весь казахстанский сектор Каспийского моря. Были околонтурены перспективные структуры, где далее были продолжены разведочные работы и исследования.

Третий этап – это нынешнее время. Сегодня проведение геологоразведочных работ сопряжено с большими рисками. Как говорится, «легкая нефть найдена и разработана», остаются все более сложные проекты, которые связаны с обнаружением нестандартных, неструктурных ловушек нефти и газа (надкарнизные и подкарнизные залежи, стратиграфически экранированные залежи, как палеоруслы и конуса выносов), а также технологическими сложностями выявления подсолевых структур. Необходимо проводить работу с большей точностью, оценивать и исключать все возможные геологические риски, подходить к решению задач с привлечением большего количества инструментов и данных. Для обработки и интерпретации сейсмических данных используются суперкомпьютеры, ведется построение трехмерных геологических моделей залежей и бассейнов в специализированных программных продуктах, применяются технологии, основанные на нейронных сетях и управлении большими массивами данных. Все перечисленное является инструментарием современных геологов и геофизиков для более точного прогнозирования перспективных залежей и расчета ресурсов. Без наличия знаний и понимания геологической эволюции осадочных бассейнов, условий осадконакопления перспективных районов, исторических данных получение позитивных результатов затруднительно. Сегодня применение новых технологий в геологоразведочных процессах стало важным. Поэтому партнерство с мировыми компаниями является не только инструментом снижения рисков, но и возможностью получения опыта и новых технологий при разведке. Геологоразведка является рискованным бизнесом и вся наша работа направлена на снижение рисков, ранжирование перспективных участков и точечные действия. Поэтому финансирование всех проектов, которыми мы интересуемся, невозможно в текущей ситуации на нефтяном рынке. Отсюда и меньше открытий в современный период Казахстана.

– Коснулся ли кризис на нефтяном рынке геологоразведочные проекты КМГ?

– Да, конечно. Кризис, вызванный драматическим падением спроса на нефть, коснулся всех участников рынка, «от мала до велика». КМГ не стал исключением. Была сокращена штатная численность и заработная плата сотрудников центрального аппарата компании. Партнеры также задумываются о снижении затрат, в том числе и на геологоразведку. В

КМГ уже проводится работа по обновлению приоритетности разведочных проектов согласно их перспективности и экономической привлекательности. Некоторые проекты были приостановлены до лучших времен. Мы проводим работу по отсеиванию проектов, которые несут большие риски – геологические, экономические, технологические и т.д. Однако руководство КМГ четко осознает важность и необходимость продолжения геологоразведочных работ с целью восполнения запасов. Это особо важно при текущей высокой выработанности разрабатываемых месторождений. Мы продолжаем искать нефть, которая «завтра» будет в добыче. Компании, которые проявляют признаки «усталости» от геологоразведки, ставят под сомнение свою долгосрочную приверженность добыче нефти. Вопрос увеличения ресурсной базы за счет геологоразведочных работ имеет стратегическую важность для нас. Более того, показатель восполнения запасов является одним из основных при оценке эффективности работы любой нефтегазовой компании, особенно с планами по выходу на международные рынки ценных бумаг.

– Как, по вашему мнению, изменится роль геологоразведки в развитии компании и страны в целом в это нелегкое для нефтяной отрасли время?

– Геологоразведка останется одним из основных направлений компании. Несмотря на некоторые сокращения финансирования мы продолжим работать в проактивном ключе. КМГ обладает внушительным портфелем геологоразведочных проектов. Имеются четкие планы по расширению этого портфеля по мере получения результатов исследований, включая бассейновое моделирование. К слову, бассейновое моделирование является мощным инструментом для поиска залежей нефти и газа. В модели проводится реконструкция палеотектонических условий, зрелость нефтематеринских пород, симуляция процесса миграции углеводородов в ловушки, которые были сотни миллионов лет назад на современной территории Казахстана. Подобного рода технологиями обладают только крупные компании в нефтегазовой отрасли. Результатом этих работ является пул перспективных участков для постановки геологоразведочных работ. Но нельзя забывать о том, что всегда присутствуют риски, которые не преодолеть, но можно минимизировать. С этой целью проводятся дополнительные исследования, такие как сейсморазведочные работы, гравиразведка, обработка и интерпретация сейсмических данных. Мы делимся своими наработками со стратегическими партнерами, проводим совместные региональные и локальные исследования. В результате потенциальный партнер-компания принимает решение о финансировании общих проектов, что является привлечением зарубежных инвестиций в экономику Казахстана. На совместных проектах специалисты КМГ получают уникальный опыт работы с мировыми компаниями и доступ к новейшим технологиям. **М**

«ҚазМұнайГаз» қиын шақта отандастарымен бірге!



Қазіргі уақытта бүкіл әлем тарихи сынақты бастан кешіріп отыр, себебі дүниежүзі жүз жылда болмаған нәубетпен бетпе бет келді. Жұқпалы індет біздің елімізді де айналдырды. Үкіметтің қолға алған қатаң карантиндік шараларына қарамастан, елде эпидемиологиялық жағдай қиындады, халық арасында ауру тез тарап кетті. Дәріханалардағы дәрі тапшылығы, жасанды тыныс алу аппараттарының жетіспеушілігі, дәрігерлерге түскен ауыр салмақ, тағы да басқа қиындықтар жұдырық болып жұмылымызға себеп болды. Ұлтжанды азаматтар қолдарынан келгенше көмек беруге кірісті. Басты мақсат – халықтың, отандастардың амандығы.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы өзінің еншілес компанияларымен бірге ұзақ жылдар бойы еліміздегі түрлі салаларға, соның ішінде әлеуметтік-экономикалық, білім және мәдениет, спорт, сондай-ақ салауатты өмір салтын қалыптастыру сияқты жобаларға үнемі қолдау білдіріп, қаржылай көмек көрсетіп келе жатқаны белгілі. Дүниежүзіні абдыратып тастаған коронавируспен күресу және елдің басына түскен ауыр жағдайды жеңілдету үшін де аянып қалмады. Барынша көмек қолын созуға ұмтылды. Ол шұғыл қажет болған медициналық жабдықтар мен жеке қорғаныс құралдарын сатып алу, тұрғындарды дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету, медицина қызметкерлері мен жедел жәрдемдегі медперсоналдарды тамақтандырудағы ұйымдастыру, волонтерлік қызмет көрсетуден көрініс тапты. Сондай-ақ, аталған шараларды жүзеге асыру барысында үнемі жергілікті атқару органдарымен, «Nur Otan» партиясының филиалдарымен тығыз байланыс орнатылды. Коронавируспен жаппай күресті қолдау, індеттің бетін қайтаруға күш салу, отандастардың амандығын қамтамасыз ету жолындағы жасалып жатқан шаралар нәтижесіз емес.

Атап айтсақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік орталығы Нұр-Сұлтан қаласы, Қарағанды, Ақмола, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарының емдеу мекемелеріне 317 миллион теңгеге демеушілік жасады. Барлығы 600 дана оттегі концентраторы сатып алынды.

Ал, «МаңғыстаумұнайГаз» акционерлік қоғамы пандемияның алғашқы күнінен бастап

жергілікті билікпен ынтымақтастықта өңір халқына жан-жақты қолдау көрсетті. Мұнай-газ өндіруші кәсіпорын қорынан компьютерлік томография аппаратын сатып алу үшін 475 миллион теңге бөлінді. Бұдан бөлек компания жергілікті денсаулық сақтау органдарына 817 миллион теңгеге 20 өкпені жасанды желдету аппараты (ИВЛ) мен үш реанимобиль түрінде көмек көрсеткен болатын.

Коронавирус жұқтырғандар саны артып бара жатқандықтан және ауыр халдегі мұқтаж адамдардың көбеюіне байланысты республика бойынша өкпені жасанды жолмен желдетуге арналған аппараттардың жетіспеушілігі байқалды. Осыны ескерген мұнай компаниялары өздігінен дем ала алмай қалған адамның өкпесін жасанды түрде желдетіп, тыныс жүйесі қалпына келгенше көмектесетін аппараттарды сатып алу мәселесіне баса назар аударды. Осы ретте «МаңғыстаумұнайГаз» акционерлік қоғам басшылығы: «Коронавирустық инфекция пандемиясының біздің күшімізді сынап жатқан, еліміз үшін күрделі осы кезеңде біздің ортақ қиындықтардың алдында бірігуіміз маңызды. Реанимобильдер мен өкпені жасанды желдету аппараттары – бұл біздің жерлеріміздің денсаулығын сақтау және құтқару ісіне қосқан қомақты үлесіміз. Медициналық жабдықтар ұзақ және сенімді қызмет етеді деп үміттенеміз. Барлық маңғыстаулықтарды медицина мамандарының ұсыныстарын мүлтіксіз орындауға, барлық нұсқаларды орындауға және өз денсаулықтарын мұқият бақылауға шақырамыз. Өзіңді және жақындарыңды сақтаңыздар!» - деп үндеу тастады.

Сонымен қатар, аталған компания елімізде төтенше жағдай жарияланған сәттен бас-

тап инфекциялық және провизорлық орталықтардың дәрігерлік қызметкерлерін, блок-бекеттерде кезекшілік ететін полицейлерді және патруль қызметкерлерін ыстық тамақпен қамтамасыз еткенін де айта кеткен артық болмас. Себебі, пандемия басталғалы бері бүкіл ауыртпашылық ең әуелі ақ халаттылардың еншісіне тигені белгілі және мұнайшылардың тарапынан жасалған мұндай қамқорлық дәрігерлердің жұмысын едәуір жеңілдетіп қана қоймай, оларға зор сенімділік сыйлайтыны сөзсіз.

Сонымен қатар, «МаңғыстаумұнайГаз» акционерлік қоғамның демеушілігімен шілде айының басында Мәскеуден корона-вируспен күресте тәжірибесі бар 9 дәрігер шақырылды. Олар Ақтаудағы коронавируска шалдыққан адамдарды емдеу шараларын жүзеге асырып, білімдерімен бөлісті, соның нәтижесінде жергілікті дәрігерлер тәжірибе алмасты. Олардың құрамында жоғары санаты инфекциялистер-дәрігерлер, пульмонологтар, терапевтер, реаниматологтар және тағы басқа мамандар бар.

Айта кету керек, мамандардың қонақ үйлерде бір айға жуық тұратын төлемақысын «CASPI BITUM» БК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз мойнына алған. Бұдан өзге, битум зауыты жергілікті медициналық қызметкерлерге де көмек көрсетті. Атап айтқанда, пандемия кезінде қонақ үйлерде тұрған дәрігерлерге азық-түлік жеткізіп, жедел медициналық бригадалар парккіне бір микро-автобус бөлді.

Шұғыл медициналық көмекке арналған кешенді жеделжәрдем көліктерінің жетіспеушілігін ескере отырып, «ӨзенмұнайГаз» акционерлік қоғамы Жаңаөзен қаласының

ауруханасына жалпы сомасына 40 миллион теңгеге 2 жаңа мамандандырылған реанимобиль алып берді. Бұл реанимобиль заманауи жабдықтармен жабдықталған, алғашқы медициналық көмекті сапалы көрсете отырып, тіпті клиникалық өлім халінде жатқан науқасты да кәуіпсіз тасымалдауға арналған кешенді көлік болып табылады. Қазіргі індет тараған, түрлі халдегі науқастардың көбейген сәтінде бұл көмек шын мәнінде ақ халаттылардың қажетіне жарады. ӨМГ бас директорының транспорт және әлеуметтік әкімшілік сұрақтар жөніндегі орынбасары Айтқали Өтебайұлы Башенов бұл денсаулық саласына қосылған қомақты үлес болғанын атап өтті.

Сонымен қатар, компания 6 инфрақұрылым тепловизор және қалада дезинфекциялық жұмыстарды жүргізуге бірнеше арнайы техника бөлді. «ӨзенмұнайГаз» қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» бірлестігі қалалық аурухананың қажеттіліктері үшін 5 миллион теңгеге 10 оттегі концентраторын, 6,9 миллион теңгеге 4 науқастарға арналған монитормы, 723 мың теңгеге 100 оттегі редукторы мен 150 метр оттегі шланғысын жеткізгенін де айта кеткен артық болмас. Жалпы алғанда карантин басталғалы кәсіподақ ұйымы осындай қажеттіліктер үшін 34 миллион теңгеге жуық қаражат жұмсаған.

Ембі мұнайшылары пандемиямен күрес барысында Атырау облысы халқына айтарлықтай қолдау көрсетуде. Осы мақсаттағы жұмыстар жергілікті әкімдікпен бірлесіп атқарылууда. Компания Атырау облыстық ауруханасына өкпені жасанды желдетуге арналған оттегі концентраторларын алуға, оперблоктарды, реанимацияларды, диализ орталықтарын мен

провизорлық бөлімшелерді медициналық газбен қамтамасыз ету жүйесін жүргізу үшін медициналық жабдықтарды алу үшін 146 миллион теңге көлемінде демеушілік көмек көрсетті. Осындай мақсатта және жеке сақтандыру құралдарын алуға Жылыой аудандық ауруханасына 35 миллион теңге аударды.

Атырау қаласының Береке ықшам ауданындағы карантиндік стационарларды тұрмыстық техникамен және гигиеналық қажетті заттармен қамтамасыз етуге ғана жүз миллион теңге бөлген болатын. Жергілікті биліктің өтініші бойынша Махамбет ауданы әкімдігіне қайтадан ашылған провизорлық орталықтың қатынасы үшін автобус бөлді. Бұдан басқа Атырау облысы әкімдігінің сұранысына сәйкес облыстық ауруханаға 40 оттегі баллонын тапсырды. Сонымен қатар, Исатай, Мақат, Жылыой және Қызылқоға аудандарының әкімдіктеріне блок-посттар ұйымдастыруға, дезинфекциялық жұмыстарды жүргізуге жәрдемдесті. Миялы аудан орталығында блок-посты ұйымдастыру үшін екі вагонды пайдалануға берді. Халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтарын азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесіне де зор үлес қосты. Аталған компанияның Атырау облысы аудандық әкімдіктеріне жасалған өзге қолдау түрлерін есептемегенде, өңір тұрғындарына көрсетілген көмегінің жалпы сомасы 300 миллионға жуық теңгені құрайды.

«КазТрансОйл» акционерлік қоғамы аймақтардағы емдеу мекемелеріне 1 миллиард теңгеге өкпені жасанды желдету аппаратының 68 данасын бір жылдық кепілдемесімен табыстады. Оған қоса медициналық қызметкерлердің аталған аппаратты қолдануға үйрету қызметін қоса рәсімдеді.

Бүгінгі таңда мұнай бағасының күрт төмендеп, мұнай өндіруші елдер, нарық қыспағында қалғанына қарамастан «ҚазМұнайГазға» қарасты кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың барлығы елдегі ахуалға бей-жай қарамады. Соның бірі, «Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамы. Ол Маңғыстау облысының әкімдігіне өңірдің жұқпалы аурулар және провизорлық мекемелері үшін оттегі концентраторларын алуға жалпы сомасы 20 миллион теңгеге демеушілік көмек көрсетті. Түпқараған ауданының әкімдігіне провизорлық орталыққа тапсыру үшін оттегі концентраторларын, медициналық құрал-жабдықты және жеке қорғаныс құралдарын алуға 7,4 миллион теңге бөлді. Жақын арада компания Ресей Федерациясынан келген медицина мамандарының шығындарын өтеуге және қажетті дәрі-дәрмек алуға тағы да 43,5 миллион теңге бөлді. Бұдан бөлек, індетті жеңіп шығуға оттегі концентраторы құралдары мен электрокардиографтар, медициналық бетперделер және тағы басқа қажеттіліктерге 47 миллион теңге қаражат



бөліп, аймақтағы эпидемиялық жағдайды жеңілдетуге үлес қосты.

Маңғыстау облысындағы қиын жағдайға алаңдаған «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК аймақтағы медициналық мекемелерді 20 дана өкпені жасанды желдету құрылғыларымен және жеке қорғаныс құралдары: комбинезон, қорғаныс көзілдіріктері және қорғаныс жабық көзілдіріктермен қамтамасыз етті. Аталған құрал-жабдық аймақтағы мекемелерге үлестіру үшін Маңғыстау облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасына тапсырылды. Өз тарапынан ауруханаға қосымша стансалы қысқа мерзім ішінде (3 күнде) әзірлеп, монтаждады, оттегі баллондарын орнатты. Бұл станса науқастарды қажетті көлемдегі оттегімен қамтамасыз етті. Оттегі сауыттарын сақтауға және толтыруға арналған арнайы орын 30 баллоннан тұрады. Оның 15-і қолданылған кезде 15-і резервте сақталады. Сондай-ақ, компания «Ақ мешіт» имамдарын коронавирустан қайтыс болғандарды жерлеу кезінде киюге арналған қорғаныс костюмдерімен қамтамасыз етті.

«ӨзенМұнайСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкерлері Жаңаөзен қаласындағы емхана бөлімшелерін ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстарына белсене араласты. Мекеме тарапынан бұл алғашқы бастама емес. Осындай қысылтаяң сәтте қала тұрғындары үшін аянбай еңбек етіп жатқан ақ халатты абзал жандар мен ел басына күн туғанда қайырымдылық жасап, еңбегін аямаған ер азаматтарға серіктестік атынан көрсетіліп жатқан көмектің легі алдағы уақытта тағы жалғасын таппақ. Ел басына сыни сәт туған шақта бір-бірімізге қолдау көрсету – адамдықтың белгісі.

Ал, «Қазақ газ өңдеу зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Жаңаөзен қаласының көпбейінді ауруханасын қорғаныс киімдерімен қамтамасыз етті. Қорғаныс костюмдерінің жалпы саны – 100 дана. «Қазгермұнай» жауапкершілігі шектеулі

серіктестігі де игі істен тыс қалмады. Қызылорда қаласының емдеу мекемесіне 3 спирография аппаратын, тыныс алу органдарын қорғайтын респираторлар, денеге жанаспай-ақ температураны өлшеуге мүмкіндік беретін инфракызыл термометрлер және өзге де қажетті медициналық құралдарды алып берді.

«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС Павлодар қаласының жедел жәрдем ауруханасына осы қиын қыстау заманда науқастарды емдеу үшін ауадай қажетті жәрдем көрсетті. Өз тарапынан ауруханаға қосымша стансалы қысқа мерзім ішінде (3 күнде) әзірлеп, монтаждады, оттегі баллондарын орнатты. Бұл станса науқастарды қажетті көлемдегі оттегімен қамтамасыз етті. Оттегі сауыттарын сақтауға және толтыруға арналған арнайы орын 30 баллоннан тұрады. Оның 15-і қолданылған кезде 15-і резервте сақталады. Сондай-ақ, компания «Ақ мешіт» имамдарын коронавирустан қайтыс болғандарды жерлеу кезінде киюге арналған қорғаныс костюмдерімен қамтамасыз етті.

Шымкент мұнай өңдеу зауыты «Шымкент – қайырымды қала» әлеуметтік қорымен бірлесіп отырып, №2 қалалық ауруханаға қарасты провизорлық стационарға 10 мың медициналық бетперде мен 1000 қорғаныс костюмдерін тарту етті. Жұқпалы індетпен күресте ерен еңбек етіп жүрген дәрігерлерге алғысын білдірген серіктестік өкілі Ринат Ақбердиев компания тарапынан алдағы уақытта тағы да қолдау болатынын жеткізді. Қызметкерлеріміздің арасында ауруханаларға волонтер ретінде көмек беріп, еңбегін аямай жүрген азаматтар да бар. Олар өз еріктерімен жергілікті ауруханаларға оттегі баллондарын жинақтау, толтыру және жеткізу жұмыстарын белсенді түрде ұйымдастырып, ынтымақ-бірліктің үлгісін көрсетіп жүр. Олардың адал еңбектерін, са-

уапты істерін Компания басшылығы жоғары бағалайды. «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын, жаманның жамандығын айт – құты қашсын» деген қанатты сөз бар. Бұл жерде отандастарының басына түскен ортақ ауыртпашылықты бірге бөлісіп, күшімен де, қаражатымен де қолдау білдіріп жатқан мамандардың жақсылығын айту, жұмыстарының нәтижесін көрсету – парыз.

Дәл қазір ең бастысы халқымыздың амандығы қымбат. Сол үшін қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ете отырып, қауіпті індетті жеңу, кемел келешекке жету – ортақ мүддеге айналды. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бүкіл саналы азаматтар, еліміздегі барлық кәсіпорындар мен мекемелер күш-жігерін, қаржылай мүмкіндіктерін коронавирустан күреске бағыттап – халық болып, жаман індетті жеңіп шығуға болатынына сенім мол.

Осы сенімге негізделген Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сөзімен түйіндесек: «Бұл қиындықты бәріміз бір халық, бір қоғам болып міндетті түрде еңсеріп шығамыз. Бұл - уақытша дүрбелең. Осы дағдарыстан абыроймен өтуіміз керек. Еліміздің барлық азаматтары өкілетті органдардың қызметіне қолғабыс көрсетеді деп сенемін. Осындай кезде бәріміз сабыр сақтап, тәртіпке бағынуымыз керек». Еліміздің мұнайшылары еліміздің кемел келешегі үшін әлі де бар көмегін аямайтынын айтқымыз келеді. **М**





Цифровизация КРІ

С июля 2018 года АО «НК КазМунайГаз» ведет проект по строительству интегрированного газохимического комплекса (ИГХК) KazakhstanPetrochemicalIndustries (KPI) в Атырауской области.

Завод по производству полипропилена – это первая фаза Интегрированного газохимического комплекса, который планируется запустить в 2021 году. Его мощность составит 500 тыс. тонн продукции ежегодно. Вторая фаза – завод по производству полиэтилена.

Полипропилен и полиэтилен – это самые популярные полимеры в мире, имеющие высокую добавленную стоимость. КРІ – новый промышленный объект и есть возможность построить его как полностью цифровой актив «с нуля».

К 2021 году планируется построить главные технологические установки: дегидрирования пропана (PDH), полимеризации пропилена (PP) – по лицензированной технологии мирового лидера в области производства полимеров LummusTechnology, а также 32 крупных объекта инфраструктуры.

Основные уровни автоматизации

Автоматизация всех бизнес-процессов комплекса осуществляется по 4 уровням:

- Автоматический сбор технологических и финансовых данных;
- Анализ данных;
- Полностью автоматизированный контроль за технологическими процессами;
- Принятие решений на основании цифровой аналитики.

Большинство крупнейших даунстрим и химических компаний (BASF, BP, ADNOC) оцифровало свои активы поэтапно в течение длительного времени. В Казахстане пока нет примеров полностью цифровых предприятий. Цель КРІ – достичь уровня развития Индустрия

4.0. В перспективе, после внедрения базовых автоматизированных и цифровых решений, рассматривается возможность построения удаленного центра управления процессами комплекса, чтобы управлять заводом из города Атырау.

Цифровизация в два этапа – до и после пуска

Цифровизация КРІ будет осуществлена в два этапа. Срок завершения первого этапа – 3 квартал 2021 года, синхронно со сроком ввода ИГХК в эксплуатацию. Второй этап начнется после пуска ИГХК в эксплуатацию.

В рамках первого этапа до ввода комплекса в эксплуатацию реализуется внедрение следующих элементов и систем:

- контрольно-измерительные приборы и автоматика, система противоаварийной защиты (ПАЗ), распределенная система управления (PCY);

- система планирования ремонтов, лабораторная информационная система (LIMS);
- система диспетчеризации производства (MES), автоматизация процесса подготовки работников производства (компьютерные тренажеры).

3D модель завода и комплексное внедрение SAP S4/HANA. Внедрение SAP S4/HANA включает в себя внедрение не только базовых модулей (ERP), но и системы планирования производства, интеграцию с производственными системами (MES, LIMS) и системой планирования ремонтов, а также внедрение единого цифрового окна.

Второй этап включает внедрение системы управления надежностью оборудования (система APM), внедрение продвинутой автоматизации через систему Advancedprocesscontrol (APC) и развитие на базе модулей SAP S4/HANA.


Внедрение цифровых технологий и решений позволит повысить эффективность бизнеса ИГХК: минимизировать простой оборудования и сбои на производстве, снизить уровень брака, повысить производительность труда, сократить постоянные и переменные операционные расходы (текущие ремонты, расход сырья, материалов, реагентов, утилит), увеличить доход за счет улучшения выходов продукции в результате оптимизации.

Кроме того, производство продукции даст толчок для развития новых отраслей в Казахстане: полимеры применяются в машиностроении, текстильной промышленности, производстве труб, пленок, а также товаров народного потребления. Но приоритетным направлением производства полипропилена и полиэтилена станет экспорт продукции. **M**

Первый в РК полностью цифровой завод



Технологическая блок-схема ИГХК (фаза 1)



Сведения о лицензиарах

Технология CATOTIN (дегидрирование пропана)

- Первое дегидрирование пропана началось в 1992 году
- Лицензиар – Lummus
- Выход целевой продукции 98%

Технология NOVOLEN (Полимеризация пропилена)

- Более 40 лет опыта в коммерческой области
- Лицензиар – Lummus
- 37% доли мирового рынка производства полипропилена

Около 2,4 тыс. карточек «Қорғау» заполнили работники АО «КазТрансОйл» в 2019 году

Современная, эффективная, динамически развивающаяся компания. Что стоит за этим понятием в современном мире? Без сомнения, производственные и финансовые показатели до сих пор остаются основным мерилом успеха в бизнесе, однако современные реалии диктуют совсем другие приоритеты.

Светлана ДРОНИНА

Создание безопасных условий труда, поддержание высокого уровня промышленной безопасности, охрана окружающей среды – вот чем в первую очередь руководствуется АО «КазТрансОйл» в своей деятельности.

Системный подход к обеспечению безопасного производства позволяет минимизировать риски для жизни и здоровья работников, своевременно их прогнозировать и выявлять причины возникновения. Эффективность работы в этом направлении во многом зависит от вовлеченности в процесс всего коллектива АО «КазТрансОйл».

Понимание важности соблюдения норм охраны труда и производственной безопасности, а также личная заинтересованность каждого сотрудника в безопасном труде – вот цели, к которым стремятся в компании. Часто достижение этих задач важнее внедрения технологических новшеств, так как причиной большинства происшествий выступает именно человеческий фактор. Цена таких ошибок высока, а их последствия могут нанести непоправимый вред как жизни людей, так и окружающей среде.

Поэтому в январе 2019 года при поддержке руководства АО «КазТрансОйл» департаментом промышленной безопасности, охраны труда и ЧС начата реализация проекта по применению карты «Қорғау». Целью проекта стало вовлечение каждого сотрудника компании в процесс предотвращения несчастных случаев и производственного травматизма.

Теперь каждый участник рабочего процесса, независимо от того, является ли он сотрудником АО «КазТрансОйл» или работником подрядной организации, имеет право приостановить работы, при производстве которых выявлены факты нарушения требований ОТ, ПБ и ООС. В этом случае на-

блюдателем заполняется карта наблюдений по одной из категорий: «Небезопасное условие», «Небезопасное поведение», «Опасный случай», «Опасный фактор», «Небезопасные действия».

Также с помощью карты «Қорғау» можно представить для рассмотрения свои предложения по улучшению ОТ, ПБ и ООС или отметить положительные стороны организации рабочих процессов в категории «Хорошая практика». Учет и мониторинг карточек наблюдения полностью автоматизирован благодаря электронной платформе, размещенной на корпоративном сайте АО «КазТрансОйл», и позволяет добиться максимальной прозрачности всех процессов.

Результаты статистики, собранной за время существования карты «Қорғау», впечатляют. Сотни работников АО «КазТрансОйл» проявили неравнодушие и высокую ответственность, внесли вклад в повышение уровня промышленной безопасности в компании, предотвратили вероятность возникновения угрозы жизни и здоровья коллег.

Всего получено около 2,4 тыс. карточек наблюдений. Среди них – сообщения о фактах выявления более 500 небезопасных

условий, более 200 небезопасных действий, 38 потенциально опасных ситуаций. Работники подрядных организаций также активно используют возможности карты «Қорғау». Так, ими было заполнено 6% от всего числа карточек наблюдений.

Эффективно работает и система поощрения авторов лучших наблюдений и ценных предложений по улучшению ОТ, ПБ и ООС. Ежеквартально они награждаются сертификатами и денежными премиями. В дальнейших планах – расширение списка ежемесячных, ежеквартальных и годовых поощрений.

Уважаемые коллеги! Если вы заметили нарушение требований ОТ, ПБ и ООС, либо у вас есть инициативные предложения, карту «Қорғау» вы можете заполнить как в бумажном виде, используя бланки и специальные ящики, размещенные во всех структурных подразделениях АО «КазТрансОйл», так и в специальных разделах корпоративного сайта и мобильного приложения. Только совместными усилиями мы можем повысить эффективность охраны труда и производственной безопасности в компании, свести уровень травматизма к нулю. **М**



Всего получено
около
2,4 тыс.
карточек
наблюдений



Среди них – сообщения о фактах выявления более

500

небезопасных условий



более

200

небезопасных действий



38

потенциально опасных ситуаций



Работниками подрядных организаций было заполнено

6%

от всего числа карточек наблюдений



Үштағанның ұланы

**«Еңбек адамы» айдарымыздың бүгінгі кейіпкері
«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы, 3-ші мұнай-газ өндіру цехының 2-дәрежелі мұнай-газ өндіру операторы Қайырғали Тәкеновтің Маңғыстау киіз үйінің атағын алысқа ұзатқан, көне мұраны бүгінгі жеткізген атақты Атабай Тәкеновтың ұлы екенін білмегенім рас.**

Арайлым АҚШАЕВА

Ғасырлар қойнауынан салтанатын бұзбай болашаққа бет алған теңдесі жоқ ұлттық қолөнерді ұлтына аманаттап кеткен марқұм Атабай шебердің артында қалған ұлағаттың, көрегенділіктің сөзін естуіміз бар. 1992 жылғы Дүние жүзі қазақтарының Алматы қаласында өткізілген Құрылтайы төрткүл дүниеге тарыдай шашылып кеткен қазақтардың атақұлдікте бас қосқан, қазақ халқының тағдыры, ата-баба мұрасы, тілі, бүкіл дүние жүзіндегі қазақтарды біртұтас ұлттық мемлекетіне біріктірудің құқықтық негіздері талқыланды ұлы жиын болды. Тағдырдың айдауымен сыртқа кеткен бауырластарға көзайым болсын деген болу керек, орталық парктегі көрмеге Маңғыстаудан Атабай Тәкенов пен Бақыт Бозжігітов қос үй тігеді. Ауылды аралаған Елбасы Атабай ағамыздың үйіне аялдап, киіз үйге тамсанып үйді тәбәрік ретінде қалдыруға қолқа салғанда, үй иесі «Атам қазақ басындағы баспанасын ешкімге бермеген. Себебі, онда Құт бар. Қара шаңырағын жаугершілікте

шегінгенде де жұртта қалдырмаған, ырымға жаман, сондықтан да мен де қалдыра алмаймын. Бірақ нақ осындай үйді барлық жабдықтарымен жасап берейін», деп уәде берген екен. Кейін уәдесін орындаған.

Сол үй қазір Алматыдағы орталық мұражайда тұр. Шебердің ой-қиялының, дүниетаным көкжиегінің кеңдігінің дәлеліндей болған теңдесі жоқ ұлттық қолөнердің туындысы Тәкеновтер әулеті үшін де үлкен мәртебе, ұрпақтан-ұрпаққа мирасқа қалар ұлы мұра.

– Әкем «Адамды өмірге құлшындыратын да, алдағы үмітінді шындыққа айналдыратын да құдіретті нәрсе – еңбек» деген ұстанымдағы ісмер адам еді. Киіз үйдің қаңқасынан бастап құрастырып, мың бояулы бауларынан бастап туырлық, түндіктеріне дейін өзі бас болып дайындайтын. Жалпы біздің Үштаған ауылын Маңғыстаудың киіз үйінің ұстаханасы десек өзгелер ренжімес деп ойлаймын. Көнеден бері шешелеріміз қызылды-жасылды жасаумен үй жабдықтап тігетін, – деп Қайырғали туған ауылын құрметпен әңгімеге қосты. Үштағанды айтқанда ол заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев оқыған мектепте білім алғанын да мақтан тұтады. Әркімге өскен ұясының, туған ауылының ыстық болатыны, сірә, белгілі.

Зейнеткерлікке шыққанша аудандық бөлшек сауда бөлімдерінің бастығы болған әкесі Атабай мен дүкенші болып қызмет атқарған анасының «ешкімнің ала жібін аттама, адал жүр» деп құлақтарына құйып кеткен өсиеті балаларының өмірлік қағидасына айналған. Қайырғали Атабайұлы орта мектепті бітірген соң, сол кезеңдегі жастардың көпшілігі секілді шопырлық курстан өтіп, совхозда шопыр болды. Осылайша еңбекке ерте араласып, еңбектің тәтті нанын татты. Одан Орынбор асып, Отан алдындағы

борышын ойдағыдай атқарып келді. Кейін Өзендегі мұнай техникумынан мұнай-газ өндіру операторы мамандығын алып шықты да, өндіріске орналасты. Алғаш жұмысқа келген кезде өз саласының майталманы Иван Мурабеков мұнай өндіру саласының қырсырына үйретсе, ал сол кездегі цех бастығы Жетібай Төлеғожаев та біліктілікпен аса ауыр жұмыстарды ұйымдастыра білуге баулыды.

Бүгінгі таңда Шығыс Жетібай кенорнында жұмысының негізгі бөлігін өткізетін Қайырғали Атабайұлы өзге 2 оператормен біріге отырып, мұнай мен газ өндіру әдістері кезіндегі технологиялық процестерді жүргізеді, қызмет көрсетеді, жабдықтар мен механизмдерді бөлшектеп, жинақтайды. Скважина жұмыстарының белгіленген режимін сақтап, газ дайындаудағы кешенді қондырғылардың, топтық өлшеу қондырғыларының, газды жерасты сақтау станциялары және басқа нысандардың жұмыстарын жүргізеді. Мұнай кәсіпшілігі жабдықтары мен арматуралардың механизмдерін жинайды және әзірлейді, жөндейді. Бұдан бөлек қазіргі заманғы мұнай және газ өндіру операторларынан жан-жақты білім және компьютер игеру талап етілетіндігі тағы бар. Алғашқыда оңай болмаған осы міндеттің барлығы, бүгінгі таңда бір жолға қойылған, жүйелі еңбекке ұласты. Соңғы кездері өндіріске енгізілген Крон дейтін аппаратты, зерттеп-зерделеп, оны да үйрену үстінде.

Әуелден ырыс-береке дарыған Қайырғали ағаның шаңырағы ынтымақтың ұясы десе болады. Жолдасы – медицина саласының маманы, саналы ғұмырын ауырған адамдардың жанына жалау болып, одан қала берді отбасының жағдайын жасауға арнады. Отбасындағы 5 баласының барлығы да жоғары білімді мамандар, көз қуанышы – немерелері де өсіп-өніп жатыр. Адамшылық-кісілікті жоғары бағалап,



татулықты берік отбасының басты қағидасы санайтын Қайырғали ағай:

– Ең бастысы – қайғысыз ішкен қара су, ел-жұрт аман болғандағы, төрт құбыламыз түгел отырғаннан артық қандай бақыт керек?! Халықтың қарны тоқ, уайымы жоқ болғай! Мен осы мұнайлы өлке Маңғыстауда туып, ұрпақ жалғастырып, осындай бірлігі жарасқан елде тұрып жатқаныма мақтанамын! Аты жаман індеттен тезірек құтылайық», – деп ақ тілегін жолдады.

Жұмысын аса үлкен ыждағатпен атқаратын биязы мінезді ағайдың маңдай тердің арқасында алған бірнеше жетістіктері мен марапаттары бар. Ол да осы күнге дейін еткен еңбегінің еш кетпегені деп біледі. Өткеніне құрметпен қарап, болашағынан зор үміт күтетін әріптесіміздің абырой биігінен көріне беруіне біз де тілекшіміз! **M**

Мейірімді жандар – арамызда


Әріптесіміз Дарияның қайырымды істері

Жанашыр адамдардың қолдауымен әріптесіміз – «Ембимұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты «Ембимұнайэнерго» басқармасының еңбекақы төлеу және қызметкерлерді басқару тобының әкімшісі, атыраулық блогер Дария Ерболатова ізгілікті іске бастамашы болып, халықтан жиналған қаржыға қорғаныш киімдерін алып, аса қажет болып отырған оттегі концентратына тапсырыс берді.

– Шілденің 10-ы күні Инстаграм желісіндегі парақшама тіркелушілерге оттегі концентратын бірігіп алу жөнінде ұсыныс жасап, 2 күнде 4 миллион 890 мың теңге жиналды. Әркім өз мүмкіндігінше қаражат аударды. Бір отбасы 10 оттегі концентраты аппаратын алуға қаражат жинап берді. Сөйтіп, Қытайдан әрқайсысы 170 мың теңге тұратын 25 оттегі концентраты аппаратын және 20 пульсоксиметр алуға тапсырыс бердік. Еліміздің Денсаулық сақтау министрлігі оттегі концентраторларын Қазақстанға жеткізу үшін ұшақ бөліп, 26 шілде күні аппараттар Атырауға жеткізілді. Ал, қан құрамындағы оттегі мөлшерін бақылайтын пульсоксиметрлер Қытайдың Үрімші қаласында, таяу арада аймаққа жеткізілмекші, – дейді Дария бізбен әңгімесінде.

Қаражаттың тез жиналуы адамдардың Дарияға сеніммен қарайтындығын тағы бір дәлелдесе керек. Өйткені, бала күтіміне байланысты үйде отырған ол отбасы тірлігіндегі өз міндетін де ұмытпай, елдің алғысын алып, талай игілікті істің басы-қасынан табылып жүргені бірінші рет емес. Әріптесіміз бұған дейін де қайырымды көмектердің бастамашысы болып жүр. Мәселен, сал

ауруымен ауыратын баланың еміне де тіркелушілеріне үндеу тастап, мәселенің мән-жайын түсіндіріп, қаражат жинаған болатын. Бұған қоса, «Жүректен-жүрекке» қайырымдылық қорымен бірігіп, 150 мың



теңге қаражатқа облыстық ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетімдер үйінің тәрбиеленушілеріне дәрі-дәрмек алып берді. Ал, бұл жолы облыс орталығы ғана емес, аудандарға да арнайы аппарат алуды ұйымдастырды.

– Әр ауданның ауруханаларының бас дәрігерлерімен байланысып, қажетті көмек жөнінде сұрастырып, білдім. Кей аудандарда жергілікті халық тарапынан қолдау көрсетіліп жатыр екен. Сондықтан, көмекке мұқтаж аудандарға бағыт аудардық. Атап айтсақ, Атырау облыстық туберкулезге қарсы диспансерге – 2, Томарлы

ауылдық емханасына – 2, Мақат аудандық ауруханасына – 3, Атырау қалалық №7 емханасына – 1, Геолог емханасының провизорлық стационарына – 3 дана, Исатай аудандық ауруханасына – 10, Еркінқала ауылдық дәрігерлік амбулаториясына – 2 және Атырау облыстық кардиологиялық орталығына 3 дана оттегі концентраты аппараты берілді. Жанашырлық танытып, өз үлесімді қосамын деп ықылас танытқан Инстаграмдағы «достарымның» қайырымды істерін ұйымдастырып, кесте бойынша ауруханаларға жеткізілуде, – дейді Дария Ерболатова.

Сонымен қатар, блогер Дария бұған дейін тіркелушілерінен ерікті түрде қаражат жинап, Атырау облыстық ауруханасына, Жедел жәрдем стансасына, облыстық туберкулезге қарсы диспансерге, Еркінқала ауылдық емханасына, моргке 500 жеке сақтандыру комбинезонын, 7700 масканы, 200 жеке сақтандыру жиынтығын (шақыртулар бойынша науқастардың үйіне баратын медицина қызметкерлеріне – ред.) алып, таратып берді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Дария Ерболатова жергілікті тұрғындармен бірігіп ұйымдастырған мұндай көмектерді көптеп мысалға келтіруге болады.

– Адамдардың қиналып жатқанын көріп, қолымыздан келгенше көмек көрсету – қазіргі сын сағатында өте маңызды. Қазір қол ұшымызды созбасақ, қашан? Бұл күндер де кетер. Біріккен қолдауымыздың арқасында ғана жайма-шуақ, алаңсыз шақтарға оралар уақытымыз жақындай түспек. Мейірімді болайық! – деп ойын түйіндеді Дария Ерболатова. **M**

Ұжымым – мақтанышым!

**Фирюза Әуезалиева,
«Қаражанбасмұнай»
компаниясында 1983 жылдан
бері еңбек етіп келеді.**

Мен 1983 жылы шілде айында Алматы қаласындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетін мұнай және газ кенорындарын игеру мамандығы бойынша бітіріп, жас маман ретінде арнайы жолдамамен тамыз айында Қаражанбас кен орнына мұнай өндіру цехына инженер-технолог қызметіне жұмысқа орналастым. Ол кезде мекемеміздің аты НПА «Союзтермнефть» Кеңес Одағына қарасты қабаттардың мұнай берілісін күшейту және ұңғыларды күрделі жөндеу бойынша Қаражанбас басқармасы болып аталды.

Мен кенорнына келген кезде негізгі жұмыскерлердің көпшілігі Краснодар қаласынан болатын. Оларды кезекті ауысымға Краснодардан ұшақпен тікелей кенорынға алып келіп, кері сол ұшақпен елдеріне жеткізіп отыратын.

Мен келген жылдары жергілікті жұмысшыларды жаңадан жұмысқа қабылдап бастаған еді. Алғаш танысқан әріптестерім қатарына – Ізтұрған Сансызбаев (ГЗУ-ЗВВГ-шебері), Сабыр Хусайынов (ЦНИЛ бастығы), Николай Токбанов, Ақмұрат Шамиев, Болат Исеков, Дауылбек Коблашев, Жеткеншек Қибашев, Меллат Қайбалдиев, Құттыбай Шыныбаев (КРС-та шебер болып жасады) атты қазіргі ардагер мұнайшыларымыз кіреді. Сол уақытта кенорында Айгүл Кенесариева атты бір ғана қазақ қызы болатын. Айгүл 2-ші разрядты лаборант еді. Қатарына мен келіп қосылып, қазақ қыздарының саны біреуге болса да артып, бір мәз болған едік.

Ол кездері біздің мекеме мұнай өндіреді, өндірілген мұнайды әрі қарай Каламқас кен орнының 2 МӨЦ, МДАЦ тапсыратын еді. Сол Каламқас кен орнына қарасты цехтарда Жылқыбай Кенесариев, Ажар Качаева, Батыр Айтжанов жұмыс жасады.

Аталмыш жылы жұмысқа Жазықбайұлы Жаңабай, Шуриев Мағаз, Абдирахманов Базарбай, Сабугалиев Махым, Мұхамедьяров Марат, Мусиев Ануарбектер келді.

Мені Қиынов Ляззат Кетекбайұлы жас маман ретінде жұмысқа алды. Ол кезде бас инженер Кусаев Ханым Нұрғалиевич болатын. Цех бастығы Давыденко Петр Петрович болды. Соңынан цех бастығы Жармағамбетов Төремұрат, орынбасары Джарылғапов Аманкелді ағайлар болды. Ол кісілермен көп жылдар жұмыстас болдым, көп нәрселерді сол кісілерден үйрендім. Түсінбеген жерлерімді

жақсылап түсіндіретін еді, әлі күнге дейін араласып тұрамыз. Мұнай өндіру цехында Сисенбаев Қуаныш ағайымыз геолог болып жасады. Менің кезекті ауысымдағы алмастырушым болған Минаев Юрий Семенович еді.

Жұмысқа келген кезімде қазіргі №1 МӨЦ орнында біздің МӨЦ болды. Ол кезде тек ГЗУ-ЗВВГ және ГЗУ-1ПТВ болды, ал ГЗУ-1ВВГ мен ГЗУ-2ПТВ-ның ұңғыларын қазып бастаған кезі еді.

Ол жылдары жер астына бу, су және ауа айдалынатын. Бірінші цех компрессорлармен жер астына ауа айдайтын да, №2 цех бу өндіретін. Суды ҚҚҰЦ айдайтын.

№1 ЦПНП қазіргі «ТұлпарМұнайСервис» ЖШС орналасқан жерде болатын. ЦПНП №2 ГЗУ-2ПТВ-ның қасында еді.

Тамақты асханадан өзіміздің ақшамызға алып ішетін едік. 36 тиыннан 15 күнге талон береді (ол 5 сом 40 тиынды құрайды), жұмысшыларға 12 тиынға сүттің орнына қосалқы талон беретін. Асхана қазіргі «ТұлпарМұнайСервис» ЖШС бұрынғы сораптар жөндейтін жерінде болды. Асхана өте кішкентай еді. Жаздың күндері даладан ыстықтап шөлдеп келгенде компоттан қанша стакан алсақ екен деп қолымыздағы тиындарды есептеп тұратын едік. Асханадағы тамақтың жағдайы да нашар болатын. Кей кездерде тамақты қасымыздағы ЖУБР мен ВМК-ның асханаларынан барып ішетін едік. Соңынан өздеріміз ауылдан тамақ алып келіп бөлмемізде пісіретін болдық.

Сол кездері жұқа қара – көк матадан тігілген арнайы киім беретін. Сапасы тым төмен болғаны сонша, бір-екі жуылғаннан соң ақ киюге де жарамайтын. Қысты күндері қара мақтадан тігілген фуфайка беретін. Тоңған кезде не киім бар, соның бәрін киіп алушы едік. Аяқта керзі етік, одан қалса қыста пима киеміз. Жұмысшыларға кенеп қолғаптар беретін. Сонда да бәріне шүкіршілік етіп, күндерімізді көңілді де мәнді әрі сәнді қылып өткіздік.

Жергілікті халықты Ақтау қаласынан кен орынға икарус автобустармен тасылмайды-тын.

Ол кезде біздер құрастырмалы ЗРУП-тарда тұратын едік. Ол ЗРУП-тар қазіргі медпункттың орнында болды. Сол жерде ағаштан жасалған клубымыз жұмыс істейтін. Жиналыстар, жаңа жылдық шаралар да сол жерде өтетін. Демалыс күндері би ұйымдастырылып, кешкісін далада кино көрсететін. Әр заманның өзінің ерекшеліктері болады ғой. Жастар үшін би кешінің орны бөлек. Жұмыстан шаршағаныңды, қарыныңның аштығын да ұмыттыратын.



Ол кезде қазіргідей әр бөлмеде жеке жуына-тын бөлмелер мен дәретханалар да болмады. Беті-қолымызды жуатын жер ғана болды. Жуыну үшін бөлмелерімізде су жылытып әлек болатынбыз. Монша дегенің атымен жоқ. Талай әлеуметтік жағдайдың қиыншылықтары мен заман тапшылығы, табиғаттың қатаңдығынан бастан өткердік, бірақ әр заманның өз қызығы мен өз жақсылығы да бар.

1985 жылы ауысымдық поселкелерде қазіргі жатақханалар салынды да, көптеген цехтар көшіп кетті. Тек МӨЦ қана ЗРУП-та қалып қойды. Кешкісін жұмыстан соң бөлмеде отырып шәй ішіп, әңгіме-дүкен құрып, мәре-сәре боламыз.

Сол кездерді қазір есіме алсам сағынамын. Жастық шақтың оралмас қызық пен шыжыққа толы күндерін сағынбауға да болмайтын. Өз заманымызда әріптестер бір-бірімізбен тату да ұйымшыл болдық. Достығымыз да адал, таза әрі мықтырақ еді. Сол күндердің дәлелі, міне енді алыстағы жастық шақта бекіген достық әлі күнге дейін өз күшін жоймастан өзімізбен бірге келе жатыр. Әлі күнге дейін жұптарымыз

жазылмастан, араласып келеміз. Ауысымнан ауылға келгесін де тыныш жатпай бір-бірімізге қонаққа баратынбыз. Бірге жүрген жігіттер мен қыздар отбасын құрғандарына, өсіп-өнгендеріне дейін куә болып, бірге қуаныштарымызды бөлісіп, еселеп жүруші едік.

Мен кенорында жұмыс істеп жүрген кезімде, ұмытпасам 1985 жылы Қаражанбас кен орны 1000000 тонна мұнай өндірді. Өте жақсы шеру болды. Еңбек озаттар деп біздің цехтан Шамиев Ақмұрат, Тұрғанбаев Қуантқан және тағы басқа жігіттер марапатталды. Бірте-бірте заман да озды, жағдай да жөнделді. Кейін жас маман ретінде 2 бөлмелі үй алдым. Өзімізге жыл сайын санаторияға жолдама, ал балаларымызға балабақшаға орын берілді.

Міне осылай қызығы мен шыжығына толы жылдарды бастан өткердік. Әр нәрсенің қайыры бар деген рас қой. Енді міне кешегі бейнеттің бұл күндері зейнетін көріп, жаңашыл заман өкілі болып алдық. Бәрі жаңартылды. Жоқтың орны толды. Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы жасалып, небір қиындықтар артта қалды. Адам өмірінің қауіпсіздігі – компания құндылығына айналып, мейлінше оңды өзгерістерге толды. Қарап отырсаңыз, қазір не қалағаныңның бәрі бар, бірақ баяғы біздің замандастардың риясыз көңіліндей көңіл аз-ақ. Өкініштісі сол. Заманына қарай адамы.

Алда әлі алатын асулар мен шығатын белестер көп. Ал заманның жарқындығы, келешектің кемелденуі – әлі де жастардың еншісінде. Компаниямыз әрқашан да берекесі мен бірлігі жарасқан ұжым болып, биіктерден көріне беруіне тілектеспін. Қара алтын қоры молайып, ел несібесі артсын!

Ал, біз Қаражанбасты ешқашан ұмытпаймыз, әрдайым сағынышпен еске алып отыратын боламыз. Өсіп-өнген, кемелденген, бақ-береке сыйлаған еңбек ордасының шаңырағы қашан да биік болсын! Жастарға осы бір қызғыштай қорыған еңбек ордамызды аманаттаймыз. Кейінгі ұрпақ әлі де кен орнына табыс кезі ретінде қарамай, табиғаттың берген сыйын қадірлесе, туған өлкеге деген сүйіспеншілігін нығайтып, аялауды үйренсе деген өтініш жасағым келеді. Өйткені табиғатты бүлдіретін адам. Ал, адам қашанда табиғат үшін жауапты. Өз ниетіне, өз әрекетіне қарай табиғат алдындағы жауабы да еселеніп отырады. Сондықтан қашанда жақсылық жаршысы болалайық дегім келеді. **М**





ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ



Еңбек, жемқорлық және басқа да құқық бұзушылық фактілері туралы Сіз ұсынылған төрт байланыс арнасы арқылы хабарлай аласыз



Құпия және жасырын



Барлық арыздар қаралады

Байланыс арналары



8 800 080 30 30



8 702 075 30 30



nysana@cscck.kz



nysana.cscck.kz

МЕНШІК ИЕСІ:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ
Газет Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрлігінде есепке қойылып,
№ 17496-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Д.Қонаев көшесі, 8 үй,
16 қабат, 1617 бөлме.

- ✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- ✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.
- ✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- ✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Бағлан Айдашов – B.Aidashov@kmg.kz
Ұлан Смаилов – U.Smailov@kmg.kz
Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz
Ақсана Джапарова – A.Japarova@kmg.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 78 91 49
e-mail: mm@kmg.kz

Газет айына 1 рет шығады,
Таралымы 10 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,
41-үй, 476 кеңсе.
Тел.: +7 (7172) 68 00 79